

Esil-Nura

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық басылым

2026 жыл 13 тамыз бейсенбі № 31 (482)

■ 10 тамыз – Абай күні

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АЛЫБЫ

10 тамыз – Абай күні. 2020 жылдың 5 тамызында Үкімет қаулысының негізінде 10 тамыз «Абай күні» деген мерекелік дата болып бекітілген болатын.

Ұлы Абайдың күні ретінде 10 тамыздың белгіленуі бекер емес. Ғылыми ортада ойшылдың туған күні туралы екі түрлі нұсқа танымал болғанымен, жылдар бойы 10 тамыз ресми түрде Абай Құнанбайұлының туған күні деп таңбаланып келді. Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында осы күн күнтізбеге Абай күні ретінде ресми бекітілген еді.

«Абай – қазақтың төлқұжаты» деген қанатты сөз біртіндеп шындыққа айналып келеді. Ақынның 175 жылдық мерейтойы аясында 2020 жылы әлемнің 70-ке жуық елінде Абай тойына арналған 250-ден астам түрлі іс-шара ұйымдастырылды.

Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің деректері бойынша, 2020 жылы Абайдың толық шығармалары әлемнің 10 тіліне, атап айтсақ, француз, ағылшын, орыс, араб, испан, қытай, түрік, жапон, неміс, италия тілдеріне аударылып, басылған. Аударманың әрқайсысы 3 000 данадан кем болмауы ескерілген.

Оның сыртында Бельгия, Сингапур, Эфиопия, Болгария, Чехия, Монғолия, Грузия, Түркия, БАӘ, АҚШ, Мысыр, Пәкістан, Мажарстан, Иран, Үндістан, Малайзия, Литва елдерінде ойшылдың


атындағы орталықтар мен клубтар, ақын ескерткіші мен саябақтары ашылды.

Ақынның азан шақырып қойған аты – Ибраһим. Ол 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Қарауыл ауылында дүниеге келген. «Сегіз аяқ» дейтін толғауында өзі айтқандай, Құнанбайдың Ұлжан атты әйелінен тараған төрт баланың екіншісі осы Ибраһим еді. Оның өз кіндігінен Ақылбай, Хакімбай, Әбдірахман, Мағауия, Күлбадан, Райхан, Турағұл, Мекаил, Ізкаил, Кенже есімді балалар тараған.

XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін мен екінші дүниежүзілік соғыс Абай әулетінің де шаңырағын ортасына түсіріп кетті деуге болады. Қазақтың шежірені ұл баламен таратынын ескерсек, ашық көздердегі дерек бойынша, ойшылдың тұңғыш ұлы Ақылбайдан тараған бесінші буындағы ұрпағы Данияр Ақылбаев қазір Алматыда тұрып жатыр. Дана, Кәмила, Меруерт деген перзенттері бар.

Ақылының толысып, абыройының кемеліне келген шағында Абай билікке араласып, 1875-78 жылдар аралығында болыстық құрғаны тарихтан белгілі. Артында, жүздеген өлеңі мен ондаған әні, поэмалары мен 50-ге жуық «қара сөзі» қалды.

Орыс әдебиетінен Пушкин мен Крыловты, Батыс әдебиетінен Гете мен Байронды аударды.



«Масғұт», «Ескендір» поэмаларын оқыған адам ақынның Шығыс әдебиетінің жауһарларымен етене таныс болғанына көз жеткізеді. Батыс пен Шығыс әдебиетін тел еміп, одан алған азығымен қазақ әдебиетін байытқан ойшылды ұлт руханиятының реформаторына теңейтіндер бар. Көрнекті ақын-ағартушының бейнесі әдебиет, музыка, бейнелеу өнері шығармаларында бейнеленген. Оның өмірі мен шығармашылығы М.О. Әуезовті «Абай» және «Абай жолы» атты 2 кітапта роман-эпопея жасауға шабыттандырды.

Абай туралы естелік ретінде Қазақстанның әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлығы тағайындалды.

Оның құрметіне республика аумағындағы қалалар, әкімшілік орталықтар, көшелер, театрлар, кітапханалар және басқа да объектілер Абай атымен аталды. Абайдың 150 жылдығы 1995 жылы ЮНЕСКО қамқорлығымен өтті.

Әзірлеген Т. ТӘШКЕЕВ.

■ Елдік іс

Оразақ ауылында жаңа үлгімен салынған фельдшерлік амбулатория пайдалануға берілді

Көптен күткен бұл қуанышты оқиғаға ауыл халқы көп жиналды. Бірлік ауылынан да арнайы адамдар келді. Емхананың ашылу рәсімін ауылымыздың құрметті ақсакалы, аудандық батагөйлер жарысының жеңімпазы Түсіпбеков Камалиден әдемі батасымен ашып берді. Ақсақалдар кеңесінің мүшесі, ардагер Жанпейсов Қуат ғимараттың ашылу лентасын киып, Бірлік ауылынан келген Әбілдин Елубай мен Хасенова Баян апамыз ізгі тілектерін білдірді.

Бірлік ауылы негізгі мектебінің директоры Өмірова Гаухар домбырамен өзінің арнау термесін орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Шара барысында көп балалы аналар Нысанбаева Солидта «Алтын алқа», Жиналина Нұргүл «Күміс алқа» төсбелгісімен марапатталды. Әубәкірова Тұрсын, Түсіпбеков Камалиден, Түсіпбекова Бахыттың есімдері Қазақстанның Алтын кітабына еніп, «Алтын кітап» медалімен марапатталды.

Жаңа ғимаратты аға дәрігер Тұңғышбаев Бекбол қабылдап алысымен жұмысына кірісіп кетті.

ЖАҢА ЕМХАНА АШЫЛДЫ



Жиналғандар ғимараттың ішкі ем-дом қабылдау кабинеттерімен танысып, жақсы әсер алды. Амбулаторияда күндізгі ем-дом, стационарлық жатар орынға дейін қарастырылған. Іс шара «Алтын балық» бала бақшасы бүлдіршіндерінің және әжелер ансамбілінің шағын концертімен аяқталды.

Асылбек РАМАЗАНҰЛЫ, зейнеткер.

Оразақ.

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

Дауыс беру күні тізімге енгізілген сайлау учаскесіне келу мүмкіндігі жоқ Қазақстан азаматтары сайлау учаскелерінен тыс жерде дауыс бере алады

Негіздері:

- Денсаулық жағдайына
- Отбасының сырқат мүшесіне күтім жасауына
- Шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты

Сайлаушы орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы учаскелік сайлау комиссиясына жазбаша өтініш бере алады

Өтініш беру мерзімі: Сайлау күні Жергілікті уақыт бойынша сағат 12:00 дейін

Үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшікті сайлау комиссиясының екі мүшесі алып жүреді

Байқаушылар және сенім білдірілген адамдар комиссия мүшелеріне ілесіп жүруге құқылы

Бюллетень жеке басын қуаландыратын құжаты мен жазбаша өтініші негізінде беріледі

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

23 ТАМЫЗДА

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді

Қазақстан Республикасының Құрылтайы – еліміздің заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді органы

Құрылтай депутаттары **5 жыл** мерзімге сайланады

Құрылтайдың құрамына партиялық тізім бойынша сайланатын **145 депутат кіреді**

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі

25 жасқа толған және елдің аумағында соңғы 10 жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады

Партиялық тізімге енгізілген әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың жанытқ саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс

Партиялық тізімдегі адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үйжайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы. Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

■ **Тың туынды**

ЕЛ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН

жерлес қаламгердің кезекті жинағы оқырманға жол тартты


Өткен аптаның сәрсенбісінде ауданымызға қарасты Қаражар ауылы орта мектебінің акт залында айта қаларлықтай мәдени шаараның күәсі болдық. Целиноград ауданының Күрметті азаматы, зейнеткер ұстаз, тарихшы, ақын, жазушы, тіл жәнашыры Қанапин Серік Аллажарұлының «Тарихы терең өлкем - Қаражар» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Серік Қанапин өңірімізге белгілі, кара сөздің қадірін түсінген, әртүрлі тақырыпқа қалам тербеп, көкейкесті мәселелерді қозғап жүрген азамат. Бұл жолы ол өзінің туған ауылы Қаражардың тарихы, осы бір тарихы терең елді мекенде өмір сүрген қадірменді де, ардақты тұлғалары туралы ой қозғапты. Өзінің айтып өткеніндей, жинақты дүниеге әкелу оңайға соқпаған сыңайлы. Көнекөз қариялармен дидаласып, тың мәліметтер жинап, көз майын сарқып, табанынан таусылыпты. Осы еңбегі ақталып, енді міне, жаңа кітап оқырман қолына тиді.

Туған жердің тарихын түгендеп, ел руханиятының дамуына үлес қосу – көзі ашық, көкірегі ояу барша азаматқа ортақ әрі игі міндет. Осы жолда аянбай тер төккен Серік Аллажарұлына әрине, ауылдастарының айтар алғысы шексіз екендігі белгілі.

Жаңа жинақтың тұсаукесер рәсімі Целиноград ауданы әкімінің орынбасары Асқар Айтұхамбетұлы мен кітап авторы Серік Аллажарұлына берілді. Мәдениет үйінің әншісі Еркебұлан Қасымов кітап авторының сөзіне жазылған жаңа әнді шырқап, ауылдың қадірменді ақсакалы Оспанқажы Сүлейменұлы ақ бағасын берді.

Сонан соң аудандық мәслихаттың төрайымы Ләззат Амангелдіқызы, оқу бөлімінің басшысы Айнұр



Далабайқызы, ардагер ұстаз, ауылдың қадірменді анасы Әмина апай, тағы басқалары сөз алып, жерлес жазушыға алдағы уақытта қаламың мұқалмасын деген ізгі тілектерін жолдады.

Әрбір айтылған тілектер әсем әнмен, қоныр күймен өріліп отырды. Мұхтар Шахановтың «Уақытша жеңіс» атты өлеңін оқыған жас дарын, көркемсөз оқудың шебері Төлөнді Асылайға, Секен Тұрысбектің «Көңіл толқынын» күмбірлеткен Темір Дулатқа, Шәмші Әндерінен попури орындаған Экіріз Рысқұлға жиналған қауым қошеметпен қол соқты.

Туған жердің тарихын тану, өткенді құрметтеу, елдің ертеңіне жол ашу, өскен өлкенің шежіресін түгендеп, ұрпаққа аманат ету – үлкен жүректі, парасатты азаматтың ісі. Сондықтан осындай игілікті істі қолға алып, осы жолда қажыр-қайратын аямай сия сарқып, ақ қағазға үнілген Серік Аллажарұлының бұл еңбегінің зия кетпейтіндігі даусыз.

Жерлес жазушыға «Жазар көбейсін, Секе!» демекпіз.

Т. САНСЫЗБАЙҰЛЫ.



Жуырда бизнес-идеяларды жүзеге асыратын мемлекеттік гранттар қаралатын комиссияның отырысына қатыстым.

Комиссиямен барлығы 25 бизнес-жоспар қаралып, оның 12-сі қолдау тапты. Мына бағыттар бойынша жобалар қолдау тапты:

Ауыл шаруашылығы техникаларына қызмет көрсетудің мобильді және сервистік орталығының ашылуы; автодиагностика; техникалық қызмет көрсету станциясы (ТҚС); автомобильдерді сырлау цехы; кондитерлік өнімдерді өндіру; түрлі-түсті құрт пен ірімшік өндіру; дәстүрлі диеталық нан пісіру; сән сало-нын ашу.

Мемлекеттік гранттар өтеусіз және қайтарымсыз түрде 400 айлық есептік көрсеткіш негізінде (1730000 теңге) беріледі.

Грантқа кімдер үміткер бола алады?

- тіркелген жұмыссыздар;
- тіркелгендеріне 3 жыл болған жеке кәсіпкерлер;
- бірінғай жиынтық төлемін (БЖТ) төлеушілер.

Сонымен бірге үміткер төмендегідей әлеуметтік топтарға жатуы тиіс:

- мүгедектігі бар тұлғалар;
- қандастар;
- аймақаралық қоныстанушылар;
- аз қамтылған отбасы мүшелері;
- көпбалалы отбасының егелері: ері немесе әйелі;
- мүгедек баланы тәрбиілеп отырған ерлі-зайыптылар;
- асыраушысынан айрылуы бойынша төлемақы алып



отырғандар.

Гранттар бір рет және қатаң түрде максатты пайдалану бойынша беріледі. Қаржыны құрылғылар, инвентарьлар мен құралдар, ауылшаруашылығы жануарлары мен құстарын, көшеттер мен тұқым, бизнес-жобаны іске асыруға арналған ғимараттар сатып алуға жұмсауға болады.

Биылғы жылдан бастап негізгі шарттардың бірі – грант алғаннан кезден 18 күннің ішінде 1 жұмыс орнын құру болып табылады.

Жеңімпаздарды мемлекеттік грантты жеңіп алуларымен құттықтаймын. Оларға жобаларын табысты жүзеге асырып, берік бизнестің негізін қалап, жаңа жұмыс орындарын ашуға тілектеспін!

Барлық мәселелер бойынша Ақмола облысы Кесіпкерлер палатасының Целиноград аудандық филиалына хабарласа аласыздар: Целиноград ауданы, Ақмол ауылы. тел: 8 (71651) 79-021.

Е. ТӨЛЕШОВ,
Кәсіпкерлер палатасы Целиноград аудандық
филиалының директоры.

■ Заң мен Тәртіп

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде ол елдердің саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді және өзінің ауқымдылығымен ерекшеленіп отыр.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС — ОРТАҚ МІНДЕТ

Ол - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі болып отыр және өз кезегінде әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежеуде. Ол Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді.

Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Аталған Заңда сыбайлас жемқорлыққа: бұл – «азаматтардың жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүлдікті игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға тенеістірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүлдікті пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы»,-деген анықтама берілген. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу, не беру болып табылады. Осы заңды негізге ала отырып, азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында еліміздің болашағы – «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы!», «Елдің болашағы – жас ұрпақтың қолында»!,- деген мақсаттарда жастармен кездесулер өткізу және оларға жемқорлыққа қарсы заннаманы, сыбайлас жемқорлық туралы ұғымды түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шараларды жетілдіру мақсатында азаматтар арасында заңдылық пен жемқорлыққа қарсы тәртіп орнату, сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы әрекет ете білуге тәрбиелеу.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық жігітін жүйелі түрдегі күш-жігері қажет. Сыбайлас жемқорлық неге өте қауіпті? Өйткені заң билігі әділ болмаса, ол кез келген адамды бұлдіруі және жат етуі мүмкін. Ал сыбайлас жемқорлықтан тек қоғам зардап шегеді, ол қоғамға тек зиянын тигізп қоймай, сонымен бірге он нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармауымыз қажет! Өйткені - сыбайлас жемқорлықпен айналысу сол тұлға мен оның жақындарының сана-сезіміне де залал келтіріп, дүниетанымдарын бұзады. Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмiнiң барлық елдерге тиiмдi болатын бiрегей жинағы жоқ. Әрбiр мемлекеттiң сыбайлас жемқорлықпен күресу әдiстерi де өзгеше, ол елдiң саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерiне, дiнi ерекшелiгi мен құқықтық мәдениет деңгейiне және аумағы бойынша алатын жерiне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келедi.

Бүгiнгi таңда халқымыздың бiрлiгi мен елдегi тұрақтылық арқасында экономикамыз өркендеп, соның салдарынан азаматтарымыздың хал-ахуалы жақсарып келедi. Мемлекеттiң органдардың бақылау қызметтерi қысқарып, олардың жұмыстары бақылауға алынып, айкындығы қамтамасыз етiлген және мемлекеттiң экономика мен бизнеске араласуы кемiп келедi. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы орган жұмысының негiзгi бағыты мемлекеттiң қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады, өйткенi бүгiнде азаматтардың мемлекеттiң органдармен жасайтын кез келген қарым-қатынасы қызмет түрiн қабылдаумен, орындаумен байланысты болып отыр.

«Сыбайлас жемкорлыққа қарсы күрес – еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бір және бұл жұмыста ешқандай көзбояушылыққа, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге жол берілмеуі тиіс. Талап қатаң болуы керек», -деп президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай бұл әрбір адамның сана-сезімінде сараланып, тұрақты орын алуы керек. Бүгінде Қазақстан беделді халықаралық ГРЕКО ұйымына, яғни сыбайлас жемкорлыққа қарсы мемлекеттер тобына мүше болды. Нормативтік актілерді сыбайлас жемкорлыққа қарсы сараптамадан өткізу институтының жұмысы жаңғырды. Қол астындағылардың жемкорлық әрекеттері үшін басшыларын қызметінен босату қағидаты енгізілді. Мемлекетіміздің осы бағытта қолға алған шараларын белгілі халықаралық агенттіктер де атап өтуде. Дегенмен, біз бұған тоқмейілісіп отыра бермеуіміз керек. Бұл – әр теге өзінше маңызына сай жұмсалуды керек дегенді білдіреді. Сондықтан, мұндай мәселелерге болары болып, бояуы сінгеннен кейін емес, алдын ала мән беру – өте маңызды. Сол үшін де, ең алдымен, сыбайлас жемкорлыққа қарсы сана қалыптастыруымыз қажет. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді, сонымен қатар сыбайлас жемкорлықты - елдің дамуын тегейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Бір сөзбен айтканда «Сыбайлас жемқорлыққа» деген тәбеушілік Қазақстан Республикасының әрбір азаматының азаматтық ұстанымына, ал Адалдық пен Сатылмаушылық мінез-құлық нормасына айналуы тиіс. Сондықтан да, бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ.

Р. СҮЛЕЙМЕНОВ,
қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары.

■ Табиғатты аялайық!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Өрттің алдын алу — оны сөндіруден алдеқайда оңай. Үйде, жұмыста және табиғатта осы 3 негізгі ережені ұмытпа:

1. Үйде өрт қауіпсіздігі

- Электр құрылғылар: Үтік, плита, жылытқышты қосып кетпе. Бір розеткаға 2-3 аспапты үйіме.

- Сымдар мен ұзартқыштар: Ескі, жалаңаш сымдарды уақытында ауыстыр. Ұзартқыш қызып кетпесін.

- Газ плитасы: Пісіріп жатқанда қараусыз қалдырма. Бөлмеде газ иісі сезілсе, от жағуға, электрді қосуға болмайды. Терезені ашып, 104 нөміріне қоңырау шал.

- Оттық заттар: Шам, шырақ жанында перде, қағаз болмасын. Балаларға сіріңке, оттық берме.

2. Өрт басталса не істеу керек

1. Дереву 101 немесе 112-ге қоңырау шал. Мекенжайыңды анық айт.

2. Үйдегілерді оят және шығар. Лифтпен емес, баспалдақпен түс.

3. Есікті ашпас бұрын тұтқасын ұста: ыстық

Орман – табиғаттың байлығы, таза ауаның көзі, көптеген жануарлар мен құстардың мекені.

Өкінішке қарай, ормандар жиі өртке оранады, ал оның басты себебі – адам немқұрайлығы. Өрттің шығуына себеп болатын – сөндірілмеген от, лақтырылған шырпы не темекі тұқылы, құрғақ шөпті жағу сияқты әрекеттер. Осындай бір сәттік қателік үлкен апатқа әкелуі мүмкін – мыңдаған гектар орман жанып кетіп, жануарлар қырылады, адамдарға зиян келеді. Орманды сақтау үшін қарапайым

болса, от арғы жақта. Ылғал шүберекпен ауыз-мұрныңды жап.

4. Өзің сөндіруге тырыспа: егер жалын 1 метрден үлкен болса, дереу шық.

3. Орманда және дала өртінің алдын алу

- Отты тек арнайы жерде жақ. Айналасын тазалап, топырақпен қорша.

- Кетерде отты су құйып, күлді араластырып толық сөндір.

- Құрғақ шөпті, қоқысты өртеме.

- Темекі тұқылын тастама.

4. Өр үйде болуы тиіс 2 зат

1. Өрт сөндіргіш — ас үйге немесе дәлізге. Жылына 1 рет тексер.

2. Түтін дабылы — төбеге орнатылады. Түнде ұйықтап жатқанда құтқарады.

Ең басты ереже: Дүрбелеңге түспе. Өрт кезінде адамдардың 80%-ы түтіннен, жалыннан емес, уланудан зардап шегеді. Сондықтан тез әрі тыныш шығу керек.

Р. КАПАРОВ,

РГП «Жасыл Аймақ», Батыс орман шаруашылығының орманшысы.

ережелерді сақтау керек:

* Арнайы белгіленген жерлерде от жақпау.

* Қоқыс, әсіресе әйнек пен пластик тастамау

* Құрғақ шөп пен орман маңында от қоймау

* Өртті көрсеніз, бірден хабарлау.

Табиғат – бәріміздің ортақ үйіміз. Орманды қорғайық – ол бейқамдықты көтермейді.

М. ТАКЕНОВ,

Астана орман шаруашылығының шебері.

ҚҰРМЕТТІ ТҮРҒЫНДАР ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ИЕЛЕРІ!

Ақмола облысы ветеринария басқармасының жанындағы «Целиноград ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК, Сіздерге бруцеллездің алдын алу шараларын қатаң сақтаудың маңыздылығын еске салады.

Бруцеллез – жануарлар мен адамға ортақ, Brucella туысына жататын бактериялар тудыратын аса қауіпті жұқпалы ауру. Бұл ауру ауыл шаруашылығы жануарларын зақымдап қана қоймай, адамға да жұғады. Сондықтан бруцеллез ветеринария мен қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Ауру ірі қара малда, қой-ешкіде, шошқада және басқа да ауыл шаруашылығы жануарларында кездеседі. Бруцеллездің ең қауіпті ерекшелігі – көптеген жануарларда аурудың сыртқы белгілері байқалмайды. Алайда олар инфекцияны басқа жануарларға тарата береді.

Аурудың негізгі белгілері: буаз малдың іш тастауы; әлсіз немесе өлі төлдің тууы; шудың түспей қалуы; жатырдың қабынуы; бедеулік; сүт өнімділігінің төмендеуі; буындардың қабынуы; аталық малдарда еннің қабынуы (орхит).

Ауру жануарлар сүтімен, зәрімен, нәжісімен, шуымен, түсік материалымен және басқа да бөлінділерімен ауру қоздырғышын сыртқы ортаға бөліп шығарады.

Адам қалай жұқтырады?

Инфекция: ауру малды күткенде; төлдету кезінде; түсік тастаған малдың шуы мен төліне қол тигізгенде; терідегі жаракаттар арқылы; шикі сүт пен пастерленбеген сүт өнімдерін тұтынғанда; жеткілікті термиялық өңдеуден өтпеген етті пайдаланғанда; ауру мал ұсталған орындардағы шаң арқылы жұғуы мүмкін.

Адамдағы бруцеллездің белгілері

Аурудың жасырын кезеңі бірнеше күннен бірнеше аптаға дейін созылуы мүмкін.

Негізгі белгілері:

- * дене қызуының ұзақ уақыт көтерілуі;
- * қалтырау;
- * түнгі уақытта қатты терлеу;
- * жалпы әлсіздік;
- * тез шаршағыштық;
- * бұлшықет пен буындардың ауыруы;
- * бас ауруы;
- * табеттің төмендеуі;
- * салмақ жоғалту;
- * лимфа түйіндерінің ұлғаюы.

Уақытылы емделмеген жағдайда ауру созылмалы түрге ауысып, буындарды, омыртқаны,

жүректі, бауырды, көкбауырды, жүйке жүйесін және репродуктивті мүшелерді зақымдауы мүмкін. Созылмалы бруцеллез адамның еңбекке қабілеттілігін төмендетіп, өмір сапасына кері әсер етеді.

Алдын алу шаралары:

малды тек ветеринариялық құжаттарымен бірге сатып алу;

жанадан әкелінген малды міндетті түрде карантинде ұстау;

жануарларды уақытылы бруцеллезге диагностикалық тексеруден өткізу;

буаз мал іш тастаған жағдайда дереу ветеринариялық маманға хабарлау;

ауруға күдікті малды оқшаулау;

қора-жайлар мен құрал-жабдықтарды жүйелі түрде тазалап, дезинфекциялау;

түсік материалдарымен шуды ветеринариялық талаптарға сәйкес жою;

малдың орын ауыстыруы, сатып алынуы немесе сатылуы туралы ветеринариялық қызметке уақытылы хабарлау;

ветеринариялық мамандардың ұсынымдарын сақтау.

Адам өзін қалай қорғай алады?

Бруцеллездің алдын алу үшін: шикі сүт ішпеңіз; сүтті міндетті түрде қайнатып немесе пастерленген күйінде пайдаланыңыз; ет өнімдерін толық пісіріп тұтыныңыз; малмен жұмыс істегенде қолғап пен арнайы қорғаныш киімін пайдаланыңыз; жануарлармен жұмыс аяқталғаннан кейін қолды сабындап мұқият жуыңыз; түсік тастаған малдың төлін немесе шуды арнайы қорғанышсыз ұстамаңыз; малмен байланыстан кейін дене қызуы көтерілсе немесе ұзақ уақыт әлсіздік байқалса, дереу дәрігерге қаралыңыз.

Бруцеллез – адам мен жануар денсаулығына елеулі қауіп төндіретін жұқпалы ауру. Аурудың алдын алу – әрбір мал иесі мен ветеринариялық маманның ортақ міндеті. Жануарларды уақтылы тексеру, ветеринариялық талаптарды сақтау және санитариялық-гигиеналық шараларды орындау арқылы бруцеллездің таралуын болдырмауға болады.

Малдың денсаулығын сақтау – отбасыңыздың және қоғамның денсаулығын қорғаудың маңызды кепілі!

Ө. ТӨКЕНОВ,
аудандық Ветеринариялық станциясының басшысы.

Ақмол.

Хабарланыру

«Жана Сервис-2007» ЖШС 2026 жылғы 20 тамыздан бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық порталда (<https://ndbecology.gov.kz/>) «Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, Ақмол ауылы, Өндіріс көшесі, 3д 5 мекенжайы бойынша газбетон өндіру зауытының салу» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Әсер ету аймағы: Ақмола Облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылдық округі, Ақмол ауылы. Географические координаты 44°52'6.41" солтүстік ендік, 65°26'43.33" шығыс бойлық.

Қоғамдық тыңдауға жария талқылау нысанында шығарылған матери-алдармен сайтта танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz> (ақпараттық жүйеде)

Бастамашысы: «Жана Сервис-2007» ЖШС, БИН: 061240008352, ҚР, Ақмола Облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылдық округі, Ақмол ауылы, Өндіріс көшесі, 5 ғим. Тел: +7 777 179 2171.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ПБ Экологические Решения» ЖШС, Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалинский ауданы, Шевченко көшесі, 165Б үй, 909. Тел: +7 (7273) 12 26 61, 8 (777) 179 21 71. Эл.адрес: info@pbeco.kz

Ескертулер мен ұсыныстар келесі электрондық мекен-жайлар бойынша қабылданады: <https://ndbecology.gov.kz> «қоғамдық талқылаулар» айдарын-да.

«MDR Logistic KZ» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес Ақмола облысы Целиноград ауданында орналасқан Ақтасты Песчаниковий кен орнында қиыршық тасты топырақ өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 23 қыркүйекте сағат 12:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат а.о., Қызылсуат ауылы, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өткізіледі.

Zoom конференциясына сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2361709906?pwd=sAJhSSNVkCvfd7vdDgCM4xNjVRhZzh.1&omn=72191987367>

Конференция идентификаторы: 236 170 9906. Кіру коды: N0aYxm

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «MDR Logistic KZ» ЖШС.

Тапсырыс берушінің мекенжайы: ҚР, Астана қ., Алматы ауданы, Даңғылы Шәкәрім Құдайбердіұлы, үй 20, пәт. 28. БСН: 250440004999. Тел. 8-747-666-6901, email: Tolebayevmadiyar@gmail.com

«Байзакова Л. М.» ЖК әзірлеушісі

Деректемелер: ҚР, Көкшетау қ., Сабатаев көшесі 82, қк. 336, тел.8(7162)521585. Эл. пошта: koksheground@mail.ru

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары: 1) С.Е. 50° 57' 26,6''; Ш.Б. 71° 37' 35,4''; 2) С.Е. 50° 57' 21,6''; Ш.Б. 71° 37' 37,4''; 3) С.Е. 50° 57' 20,3''; Ш.Б. 71° 37' 29,2''; 4) С.Е. 50° 57' 25,4''; Ш.Б. 71° 37' 27,3''.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» экологиялық порталында танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz/>), сондай-ақ ЖАО-ның ресми Интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізуді, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: koksheground@mail.ru, тел.8(7162)52-15-85.

Ескертулер мен ұсыныстар экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады (<https://ndbecology.gov.kz/>), сондай-ақ «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қ., Абай к-сі, 89, тел. +7 (7162) 25-19-86, эл. мекен-жайы: upr.expertiza@mail.ru.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Ақтасты Песчаниковий кен орны үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша өткізіледі (рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары). Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 23 қыркүйекте сағат 15:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат а.о., Қызылсуат ауылы, әкімдік ғимараты мекен-жайы бойынша өткізіледі.

Zoom конференциясына сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/78997673812?pwd=CRJXxIxN4uZaojUstSaSHrGOEWobX6.1>

Конференция идентификаторы: 789 9767 3812. Кіру коды: g257Wx

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «MDR Logistic KZ» ЖШС.

Тапсырыс берушінің мекенжайы: ҚР, Астана қ., Алматы ауданы, Даңғылы Шәкәрім Құдайбердіұлы, үй 20, пәт. 28. БСН: 250440004999. Тел. 8-747-666-6901, email: Tolebayevmadiyar@gmail.com

«Байзакова Л. М.» ЖК әзірлеушісі

Деректемелер: ҚР, Көкшетау қ., Сабатаев көшесі 82, қк. 336, тел.8(7162)521585. Эл. пошта: koksheground@mail.ru

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары: 1) С.Е. 50° 57' 26,6''; Ш.Б. 71° 37' 35,4''; 2) С.Е. 50° 57' 21,6''; Ш.Б. 71° 37' 37,4''; 3) С.Е. 50° 57' 20,3''; Ш.Б. 71° 37' 29,2''; 4) С.Е. 50° 57' 25,4''; Ш.Б. 71° 37' 27,3''.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» экологиялық порталында танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz/>), сондай-ақ ЖАО-ның ресми Интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізуді, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: koksheground@mail.ru, тел.8(7162)52-15-85.

Ескертулер мен ұсыныстар экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады (<https://ndbecology.gov.kz/>), сондай-ақ «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қ., Абай к-сі, 89, тел. +7 (7162) 25-19-86, эл. мекен-жайы: upr.expertiza@mail.ru.

■ Еңбегі сіңген еліне

АЙМАҒЫНЫҢ АРДАҚТЫСЫ ЕДІ...

Серік Мұхтарұлы Бейсеков сияқты адамдардың тағдыры аймағымыздың шынайы тарихын көрсетеді. Бұл парызға адалдық, адамдарға деген үлкен сүйіспеншілік және өз ісіне шексіз құрмет туралы шежіре.

Ауданымызға қарасты «Мәншүк Мәметова» атындағы кеңшар тұрғындары бұл азаматты жақсы білді және құрметтеді.

Серік Мұхтарұлы Бейсеков 1946 жылы туған және бүкіл өмірін туған өлкесіне арнап, жерлестерінің жүрегінде жарқын із қалдырды.

Оның еңбек жолының басталуы біздің жастық шағымызбен, арадағы достығымызбен тығыз байланысты. 1965 жылы екеуміз бірге жүргізуші курсына бардық.

Бұл мамандықтың әліппесін бізге тамаша тәлімгерлер — Андрей Константинович Окунь мен Володя Дементьев ағай үйретті.

Сол жылдың күзінде біз машина тізгініне отырдық. Содан кейін біз "Қайырлы" деп аталатын совхоздың екінші бөлімшесінде тұрдық.

Менің әкем мені және Серік Мұхтарұлын жүк көлігінің руліне отырғызды. Кейінірек, «Мәншүк Мәметова» атындағы совхоз ашылған кезде, біз оның байырғы тұрғындары болдық және сол жерге көшіп, барлық тағдырымызды осы жермен байланыстырдық.

1966 жылы мен әскер қатарына алындым, ал Серік шаруашылықта жүргізуші болып жұмысын жалғастырды.

Серік Мұхтарұлы Бейсеков ешқашан жеңіл кәсіп, жылы да, жайлы кабинеттерді іздеген емес. Ұзақ уақыт бойы ол совхоздың мал шаруашылығында бригадир болып адал еңбек етті, қажырлы еңбегімен шаруашылықты көтеріп, өзгелерге үлгі көрсетті. 1966 жылы ол екінші "Қайырлы" бөлімшесінде еңбек жолын бастады.

Мен өзім көп жылдар бойы «Мәншүк Мәметова» кеңшарында бригадир болып жұмыс істедім, жұмыстың жауапты учаскелеріндегі міндеттерді атқардым және екеуіміз иық тірестіріп бірге еңбек еттік.

Оның еңбек кітапшасында «жұмысқа қабылданды» және «жұмыстан шығарылды» деген екі ғана сөз бар. Серік Мұхтарұлы 45 жыл бойы туған кеңшарында жүргізуші болып жұмыс істеді.

«Газ -53» көлігінде ондаған жылдар бойы мыңдаған шақырымдарды артқа тастады. Қысқы боранда, көктемгі лайсаңда, егін жинаудың қызу науқанында да өз жұмысын мінсіз орындады.

Принципшіл, сенімді және керемет еңбекқор Серік Мұхтарұлын совхоз басшылығы да, барлық ауыл тұрғындары да шексіз құрметтеді.

Зейнет дамалысына шығар кезде совхоз басшылығының құрметі мен алғысы әсерлі іс-әрекетте көрініс тапты.

Совхоз директоры В.А. Пфафенгут Серік Мұхтарұлына өзінің сенімді темір тұлпары 5000



нөмірі бар «ГАЗ-53» жүк көлігін сыйға тартты.

Оның бүкіл өмірдегі басты тірегі және өмірлік серігі жұбайы — Сәуле Олжабайқызы Серікбекова болды.

Олар жарты ғасырдан астам жарастықта ғұмыр кешіп, төрт қыз, бір ұлды тәрбиелеп өсірді.

Оның жалғыз ұлы Жаксыгелді Серікұлы әкесінің ісін абыроймен жалғастырып, көп жылдар бойы жүргізуші болып жұмыс істеді, зайыбы Айнұр орта мектепте мұғалім болды.

Қазірде оның өмірін 7 немере мен 6 шөбересі жалғастыруда

Сырқат меңдеп жатқан кезде Серіктің жанында ұдайы қыздары Гүлден, Гүлмира, сондай-ақ немерелері Ұлболсын, Гүлім, Әлия, Самал, Балаби және Айша болды, оны қамқорлығымен, сүйіспеншілігімен және қолдауымен қоршап отырды.

Медициналық білімі бар Айжан соңғы күнге дейін әкесінің қасында болып, ауыр сырқат кезінде қамқорлықпен және кәсіби күтіммен аялады.

Дүниеден көшер алдында әкесі оған жарқын аманат қалдырды — оның үлкен немересі Расул бүгінде Қарулы Күштер қатарында Отан алдындағы борышын абыроймен атқаруда.

Осы жылдың қазан айында үйіне оралады. Атасы немересінің ішкі істер органдарына (патрульдік полицияға) қызметке орналасуын қалап, оған көмектесуге әсиет еткен-ді. Әкесінің бұл аманаты қызы үшін қасиетті де, қастерлі жауапкершілікке айналып отыр.

Уақыт өтіп жатыр, өмір салты өзгеруде. Бүгінде бұл отбасы Қосшы қаласына қоныс аударған. Бірақ Серік Мұхтарұлының денесі туған ауылында мәңгі қалды. Ата-ананың қара шаңырағында қазірде отбасылық ошақтың жылуы сақталып, даңқты еңбек әулеті жалғасуда.

Осы жылдың 6 мамырында Серік Мұхтарұлы Бейсеков 80 жасында дүниеден озды. Бірақ аймағына сыйлы болған асыл азаматтың жарқын бейнесі оны білетіндердің жүрегінде мәңгі сақталады.

Төлеухан ИНЕРБАЕВ.

Хабарландыру**ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!**

1 қазан – жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеу мерзімінің аяқталатын күні екенін еске саламыз.

Салықты Kaspi.kz қосымшасы арқылы тез әрі ыңғайлы төлеуге болады:

Төлемдер → Барлығы → Айыппұлдар мен салықтар → Салықтар → Мүлік салығы.

Одан кейін ЖСН-іңізді енгізіп, «Тексеру» батырмасын басыңыз және төлемді жүзеге асырыңыз.

Өсімпұл есептелуіне жол бермеу үшін салықты соңғы күнге қалдырмай төлеуді ұсынамыз.



Келешек үшін декларация тапсыр!



ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ: 5 МАҢЫЗДЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ЖАУАП

15 қыркүйекке дейін декларация тапсыру міндеті бар азаматтар салық декларациясын ұсынуы тиіс.
КГД-ға келіп түскен ең жиі сұрақтарды жинақтадық

1



Депозиттерді көрсету қажет пе?

Иә, бірақ тек Қазақстаннан тыс шетелдік банктердегі салымдар ғана және олардың жалпы сомасы 1000 АЕК-тен асқан жағдайда.

2



Қазақстандағы пәтерлерді көрсету керек пе?

Жоқ, 250.00 нысанында тек ҚР шегінен тыс тіркелген жылжымайтын мүлік көрсетіледі.

3



Мемлекеттік қызметте бұрын жұмыс істеген зейнеткер декларация тапсыруы керек пе?

Егер өткен жылы адам кемінде бір күн мемлекеттік қызметте жұмыс істеген болса, ағымдағы жылы 270.00 нысанын тапсыруы қажет.

4



Мемлекеттік қызметшілер шетелдік банктерде шот ашуға құқылы ма?

Иә, бірақ тек мынадай жағдайларда: шетелде жұмыс істеу, оқу, тәжірибе жинақтау немесе емделу кезінде, сондай-ақ көмектесуші болу немесе қамқорлығындағы тұлғаны ертіп жүру кезінде.

5



Декларацияны қашан тапсыру керек?

Қағаз түрінде және электронды түрде – ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей.

!



Маңызды! Шетелдегі жылжымайтын мүлік, шоттар, активтер немесе белгілі бір түрдегі кірістердің болуы декларация тапсыру міндетіне әсер етуі мүмкін.

Жалпы бірдей декларациялау бойынша маңызды мерзімдер мен талаптарды жағалтау үшін жарияландырылған сақтал қойыңыз.

Мамандар кеңесі**ЕМШЕК СҮТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ****БАЛА ҮШІН БҰЛ:**

- * қалыпты тәндік және психологиялық дамуы;
- * анасымен биологиялық және эмоциональдық байланысының орнығуы және ұзаққа сақталады;
- * алдағы жылдарға инфекциялық аурулардан, оның ішінде жедел ішек, респираторлы-вирустық инфекциялардан, диареядан қорғаныс;
- * аллергияға бейімділіктің даму қауіпі төмендейді;
- * көз көру жітілігі мен психомоторлық дамуы;
- * ас қорыту жүйесінің ауру жиілігі төмендейді;
- * жас сүйектерінің пішіні мен дамуының жақсаруына байланысты тістеу ақаулары азаяды;
- * ақыл-ойдың даму көрсеткіштері артады;
- * отит және оның рецидив жағдайларының жиілігі төмендейді.

АНА ҮШІН БҰЛ:

- * ананың босанғаннан кейінгі күшінің қалыпқа келуіне ықпал етеді, анемия мен басқа ақаулардың дамуын төмендетеді;
- * алғашқы алты айда тек ана сүтімен емізу жүктіліктің алдын алудың (98%) сенімді әдісі;
- * жүктілікке дейінгі дене салмағына оралуға әсер етеді;
- * сүт және аналық бездердің қатерлі ісігінің даму қауіпін азайтады;
- * емшекпен емізу кезеңі әйел өміріндегі аса жағымды да бақытты сәттердің бірі;
- * климаттан кейін остеопороз даму қауіпі азаяды.

Алмагүл ЖАНАБЕРГЕНОВА,
аудандық емхана.

Ақмол.



Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Куәлігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 156.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

